



«Қазақстанның батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары

4-5 беттерде



24 қазан - кітапханашылар күні

6 бетте



Жаңа айдар: Біздің студент

8 бетте



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

**Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА**

№8 (122)
Қазан, 2022 жыл



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 25 қазан ұлттық мереке-Республика күніне орай «Ұлы дала ұлықтаған - ұлттық күн» атты салтанатты шара өтті.

Шара барысында тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, тарих және қоғамдық пәндер академиясының академигі Жамиға Тәжікқызы Қазақстан Республикасы күніне орай баяндама жасады. Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы университет ұжымын ұлттық мерекемен құттықтап, қазақ елінің дамуына үлес қосып, кәсіби білікті мамандар дайындап, еліміздің зияткерлік әлеуетінің өсуіне және қазақстандық қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени үдерістерінде өлшеусіз қызмет етіп жүрген бірқатар профессор оқытушылар мен қызметкерлерді марапаттады. Сондай-ақ, «Бірлік» бастауыш партиясы бірқатар ғалымдар мен ұстаздарға «Аманат» партиясының партбилетін табыстады.

Университеттің жоғары білім беру ісіне қосқан үлестері үшін Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Гүлжамал

Батырғалиқызы, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Мұхит Жоламанұлы, психология және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы Айжан Есетқызы, орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Салтанат Хайырлыққызы Қазақстан жоғары оқу орындары ассоциациясының «Ахмет Байтұрсынов» атындағы төсбелгілермен және ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетов жоғары оқу орындары қауымдастығының «Үздік ғылыми қызметкер» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен қатар, бір қатар оқытушылар Х.Досмұхамедов атындағы медалді, «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісін, Атырау облыстық және Атырау қалалық әкімінің алғыс хатын, Атырау облыстық полиция департаменті, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Атырау облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментінің және ректордың алғыс хатын иеленді.

Мерекелік шара Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының концерттік бағдарламасымен жалғасты.



РЕКТОР ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы халық алдында онлайн және офлайн форматта есеп берді. Тікелей эфир ZOOM платформасында, оқу орнының ресми желілерінде жүргізілді. Жиынға Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Орақұлы, білім беру саласының қызметкерлері, университет ұжымы және білім алушылар, шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.



Ректор өз есебінде 2021 оқу жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Университеттің білім беру және ғылыми зерттеу, қаржылық, шаруашылық салалары бойынша атқарылған жұмыстары мен оқу

верситет ұжымның қайырымдылық айы шеңберінде студенттер мен оқытушылар балалар ауылына келіп бір күндік уақытын өткізгендігін және осы жұмыстың ары қарай жалғасуы үшін, дефектология, психология мамандығының студенттері практикадан өтуіне ұсыныс жасады. Сонымен қатар, Жүректен жүрекке» қоғамдық қорының және «Венера» ерекше балаларға арналған инклюзивті дамыту орталығының директоры Гүлбарам Саматқызы өз сөзінде «Жүректен жүрекке Қоғамдық қорының «Венера» ерекше балаларға арналған инклюзивті дамыту орталығы жобасы ашылған күннен бастап Атырау Университеті мен тығыз байланыста жұмыс жасап келеміз. Яғни университет студенттері орталығымыздан практикadan өтіп, жас мамандарды жұмыспен қамтудамыз. Бұл жастар үшін теория мен практиканы қатар алып жүру үшін үлкен мүмкіндіктер», – деп университет ұжымына алғысын білдірді. Өз кезегінде Нұрсұлтан Елеусинов Саламат Нұрмұханұлына және Асхат Ералыұлына «Шаңырақ» балалар ауылының балаларына және әлеуметтік салада қызмет ететін үкіметтік емес ұйымдарға көрсетіп жүрген көмегі мен қолдауы үшін шың жүректен алғысын білдіріп, алдағы уақытта Атырау университеті мен Аризона университеті арасындағы



орнының алдағы даму жоспары жайында талдау жасап, жетістіктерді атап өтті. Стратегиялық мақсаттары мен бағыттары туралы жан-жақты баяндады.

Сонымен қатар, Саламат Нұрмұханұлы университеттің жыл сайын әлемдік және республикалық рейтингтердегі позициясының жақсарып келе жатқандығын атап өтті. Атап айтқанда, IQAA-RANKING агенттігі өткізген



Қазақстанның үздік жоғары оқу орындары ұлттық рейтингінде 2021 жылы 10 орында болса, 2021 жылы «АТАМЕКЕН» ұлттық рейтингінде университеттің 3 білім бағдарламасы ТОП 3-ке, 5 ББ ТОП 5-ке, 8 ББ ТОП 10 – да орналасқан.

Есеп беру кезінде профессор Сәния Ибрагимқызы шетелден келген қонақтар арқылы тілдік курстар өткізуге арналған орталық ашылуына ұсыныс жасады. «Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Гүлсара Аманғалиқызы уни-

болашақ серіктестік туралы сұрақ қойды.

Ашық әңгіме түрінде өткізілген ректордың есебінде ардагер ұстаздарда университет басшылығының халық алдында жыл қорытындысы бойынша есеп берудің маңыздылығын, сондай-ақ, білім ордасының ел келешегі үшін сапалы жас ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып отырғанын ерекше атады.

Кездесу қорытындысы бойынша бірқатар мәселелерді басшылық бақылауына алды және келіп түскен барлық ұсыныстар өз деңгейінде қаралатынын айтты.



ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ

Еңсесі елдің, ерлігі елдің,
Қазақстаным – қормалым, панам!
Саламат саған, саламат!
Байтағым далам, қымбатсың маған,
Иеміз саған, қолайдм заман,
Аманат бізге, аманат!
Ойларым орман, тауларың қорған,
Баба тарихым сырласым болған,
Байлығым!
Суыңдай шәрбат, толқындай тулап,
Бай тілім керім мұңдасым болған,
Айбыным!
Зулайды уақыт, іздейді бақыт,
Сілкінген сана қанатын қақты,
Арманға!
Тұлпарға мініп Көкбөрі рухы
Көсіле шапты, Тәңірім қолда!
Самғауға!
Еркіндік барда өрісің алда,
Заманға ілес, тынысты жалға,
Қамдан да!
Көжигегім елім, бас алған, алға!
Борыштымыз саған көз нұрындай,
Қорғауға!

Уәлібай НҰРБАҚЫТ



ВОЗРОЖДЕННЫЙ ПРАЗДНИК

В начале 90-х годов республики Советского Союза, потерявшего статус нерушимого Союза – начали заявлять о своей независимости. Экономика СССР была расшатана, а М.С. Горбачев уже не мог управлять государством и республикой, одна за другой начали объявлять свои суверенитеты. В числе последних, декларацию о суверенитете принял и Казахстан. 25 октября 1990 года декларацию о государственном суверенитете принял Верховный Совет Казахской ССР.

В ней говорилось, что Казахская ССР теперь самостоятельно будет решать все вопросы, связанные с политическим, экономическим, социальным и национально-культурным строительством в республике, её административно-территориальным устройством, сама определяет структуру и компетенцию органов государственной власти и управления, установит свои символы. Казахская ССР получила право на создание собственных внутренних войск, органов государственной безопасности и внутренних дел. А Президент признавался руководителем страны, главой административно-исполнительной высшей власти.

В качестве основополагающих принципов суверенной государственности были установлены: унитарное государство, целостность, неделимость и неприкосновенность его территории, возрождение и развитие самобытной культуры, традиций, языка казахского народа и других народов Казахстана, укрепление национальной самобытности.

Всё это было необычно, ярко и революционно, поэтому декларацию и назвали первым шагом на пути к независимости.

На основе этих принципов уже позже – 16 декабря 1991 года – был принят Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан».

Но надо помнить, что именно Декларация о государственном суверенитете заложила начало конституционного развития Казахстана. Она имеет важное политическое значение для нашего государства, поэтому возвращение этого дня в качестве национального праздника своевременно.

Если вспомнить историю, то в 1995 году Указом Первого Президента, 25 октября был объявлен национальным праздником – Днем Республики. Но спустя шесть лет, а точнее 13 декабря 2001 года после принятия закона «О праздниках в Республике Казахстан», статус Дня Республики изменили на государственный праздник и до 22 апреля 2009 года он имел этот статус (наряду с Новым годом, Международным женским днем, Днем защитника Отечества). Однако позже, в 2009 году указом Первого Президента страны он был исключен из перечня государственных праздников и потерял этот статус. Главным национальным праздником с тех пор считался День независимости, который праздновался и широко отмечался по всей республике. Акцент на празднование Дня независимости был смещен из-за того, что 16 декабря 1991 года Постановлением Верховного Совета был принят консти-

туционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан».

Возродить празднование Дня Республики и вернуть первоначальный статус национального праздника предложил Президент РК Касым-Жомарт Токаев на первом заседании Национального курултая в июне текущего года. «Предлагаю вернуть Дню республики статус национального праздника. Каждый год 25 октября мы должны отмечать День суверенитета, как главный праздник нашей страны», – сказал Токаев. И уже в сентябре президент Токаев подписывает закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кинематографии, культуры и праздников», согласно которому Дню Республики (Республика күні) вернули статус национального праздника и будет отмечаться ежегодно 25 октября.

«День Республики, как главный национальный праздник, должен стать по истине всенародным. Я вижу, с каким воодушевлением граждане восприняли идею Дня Республики. Во всех регионах состоятся торжественные концерты, научные конференции, творческие конкурсы, спортивные состязания, будут организованы патриотические, волонтерские и благотворительные акции. Мы должны наполнить этот праздник глубоким идеологическим содержанием и практической значимостью. Нам нужны общенациональные инициативы, которые бы максимально отражали дух и смысл Дня Республики», – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

Разница между двумя статусами в том, что национальные праздники установлены в ознаменование событий, имеющих особое историческое значение, оказавших существенное влияние на развитие казахстанской государственности. Эти даты отмечаются с размахом и по всей республике, а государственные праздники обычно посвящены событиям, имеющим общественно-политическое значение и также, традиционно отмечаются казахстанцами. Праздник в декабре больше всего ассоциируется с декабрьскими событиями 1986 года. Косвенно это мнение подтвердил Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, когда во время заседания Национального курултая предложил вновь отмечать День Республики как национальный праздник – 25 октября, а вот 16 декабря – День независимости – должен стать государственным праздником и его следует отмечать как день памяти наших национальных героев, внесших значительный вклад в обретение независимости. Предложение было благожелательно принято общественностью.

Таким образом, после внесенных поправок в законодательство, День Республики стал единственным национальным праздником страны и должен стать символом смелого шага нашей страны к государственности.

Роза ЕРТЕЛЕЕВА,
магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и всемирной истории

ДНЕВНИК ТРЕНИНГА В ВЕНЕ

С 19 сентября, как я уже говорила ранее, мы с коллегами принимаем участие в работе выездной сессии в рамках проекта «Стимулирование инновационных подходов и предпринимательских навыков для студентов через создание условий для трудоустройства выпускников в Центральной Азии» (TRIGGER) программы Эразмус+, которая проходит в стенах Венского университета прикладных наук BFI (Вена, Австрия).

Хочу напомнить, что в рамках данной поездки обсуждается Рабочий пакет N2 «Повышение уровня предпринимательского образования и развития навыков», который включает аудит предпринимательской образовательной деятельности университета в странах-партнерах; выявление пробелов, потенциальных несоответствий знаний и навыков; подготовку представителей вузов в разработке программ эффективного предпринимательского образования; разработку эффективной схемы обучения предпринимательству; обновление эффективной схемы обучения предпринимательству.

Хочется привести итоги нашей недельной работы. Обсуждение всего вышеуказанного проходит активно, атмосферно. Нет тех скучных лекций (от формата которых мы иногда не можем отойти), заслушиваются подходы и восприятия той или иной обсуждаемой проблемы у всех партнеров (т.е. отсидеться на галерке – это не про нас).

В первый день тренинга, после приветственной речи ректора Венского университета прикладных наук BFI Prof. Dr. Andreas Breinbauer, партнеры IDEC (Греция) уделили внимание определению концепции предпринимательства, предпринимательского склада ума. Определены стратегии внедрения обучения предпринимательству, которые партнеры из Центральной Азии презентовали

после бурных обсуждений, сформировав как Сборник самых интересных концепций.

Здесь же был обсужден процесс и обозначены ключевые элементы разработки и реализации стратегии в вузе. На основе предложенного «Шаблона планирования стратегии: видение, ценности, основные направления и проекты» по SMART мы предложили Университетскую схему поддержки предпринимательского образования (далее ПО).

День второй. С коллегами были актуализированы цели и задачи вуза по повышению предпринимательского образования. Как кейс был рассмотрен пример мастер-курса «Прикладной проект» Венского университета прикладных наук BFI (Вена, Австрия). Рассмотрены факторы успеха обучения предпринимательству, проведена кластеризация реализации стратегии SMART II и как результат наши команды, определяя мероприятия, задачи, роли и обязанности предпринимательского образования предложили Схему своих университетов для поддержки ПО.

День третий. Совместно с партнерами из Венского университета BFI, рассматривая общие навыки предпринимательства, подробно остановились на Европейской рамке квалификаций (EQF) и Системе предпринимательских компетенций (ECF).

После обсуждения в группах, с учетом трансляция европейского опыта нами были предложены обновленная Структура учебного плана. Бурной была дискуссия по обсуждению принципов разработки учебных программ, методики преподавания, выбора методологии обучения, определение роли преподавателя в обучении предпринимательству.

Кстати, в этот день неожиданной, но очень приятной

была встреча с нашей коллегой Санией Ибрагимовой в стенах Венского университета, прибывшей в Вену для участия на конференции.

День четвертый. Партнеры из Technical University of Kosice (Slovakia) хорошо акцентировали, что для повышения активности обучающихся к формированию предпринимательского мышления необходимы ресурсы, инфраструктура и среда, какова она на сегодня в наших университетах – этот вопрос задал для себя каждый участник и как результат мы показали свое видение в презентации.

Далее нас ожидало онлайн-подключение к нашей сессии эксперта, генерального директора и соучредителя Storebox Ltd. Йоханнес Брейт, с которым мы обсудили вопросы поддержки студентов в становлении предпринимателями. Йоханнес Брейт поделился со своим опытом, ответил на наши вопросы.

Далее были обсуждены ключевые элементы хорошей энергоэффективной среды для формирования предпринимательского мышления.

День пятый мы уделили обсуждению мероприятий и мер по развитию ПО, развитию ППС, интеграции курсов ПО с программами развития страны, определяя, способствующие и ограничивающие факторы.

Далее согласно Стандарту разработки учебных программ на основе качества, нами были предложены «Идеальные программы», т.н. обзор шаблона курса ПО, которые подверглись экспертной оценке партнеров.

Подводя итоги нашей недельной работы в Вене, мы стали планировать свой заслуженный weekend. Но это уже отдельный пост.

Кансулу УТЕПКАЛИЕВА,
вице-проректор



БАСТЫ НАЗАР - «ЖҰМСАҚ ДАҒДЫҒА»

Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті 2021-2023 жылдарда Erasmus+ бағдарламасының TRIGGER жобасына қатысушы болып табылады, сонымен қатар, бұл жобаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Торайғыров университеті қатысады. Еуропалық жоғары оқу орындары ішінде Кошице техникалық университеті (Словакия, Кошице), Вена қолданбалы ғылымдар университеті (Австрия, Вена), Cité d'Azur Университеті (Франция, Ницца), ASTRA – Даму және инновациялар Ассоциациясы (Словакия, Кошице), IDEC – тренингтік, консалтингтік және жоғары технологиялық компания (Греция, Пирей) қатысады. Орталық Азиядан Термез мемлекеттік университеті (Өзбекістан, Термез), Наманган инженерлік-технологиялық институты (Өзбекістан, Наманган), Джизак политехникалық институты (Өзбекістан, Джизак), Ташкент теміржол инженерлік институты (Өзбекістан, Ташкент), Дангара мемлекеттік университеті (Тәжікістан, Дангара), М.Назаршоев атындағы Хорог мемлекеттік университеті (Тәжікістан, Хорог), Кулоб мемлекеттік университеті (Тәжікістан, Кулоб) осы жоба бойынша қатысушылар.

Міне, TRIGGER жобасына осындай түрлі елден қатысатын көптеген университеттер ішінде Қазақстаннан біздің университетіміздің қатысуы – қуанарлық жағдай.

TRIGGER жобасының мақсаты – Орталық Азия елдерінде түлектердің жұмыспен қамтылуы үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы экономикалық өсуге ықпал ету.

2022 жылдың 17 қыркүйек – 1 қазан арасында Вена қолданбалы ғылымдар университеті қабырғасында (Вена, Австрия) жобаның «Т.2.3 ЖОО өкілдерін тиімді кәсіпкерлікті іске асыру мақсатында білім беру бағдарламаларын дайындау бойынша оқыту (WP2)» кезекті көшпелі сессиясы өтті. Тренингке университетіміздің TRIGGER жобасының мүшелері, вице-проректор Қ.Утепқалиева, «ASU- Innovations» жобалық кеңсесінің басшысы Ш.Бисалиева және мен қатысып келдік. Тренингте «Кәсіпкерлік білім беру деңгейін арттыру және дағдыларды дамыту» 2 Жұмыс пакеті шеңберінде университет командаларының қарастырған мәселелері мыналар болды:

- серіктес елдердегі университеттің кәсіпкерлік білім беру қызметінің аудиті;
- кәсіпкерлік білім беру мен дағдыларды қалыптастырудағы олқылықтарды, әлеуетті сәйкессіздіктерді анықтау;
- жоғары оқу орындарының өкілдерін тиімді кәсіпкерлік білім беру бағдарламаларын әзірлеуге дайындау;
- кәсіпкерлікке оқытудың тиімді жағын қарастыру;
- кәсіпкерлікке оқытудың тиімді жағын білім беру бағдарламаларына енгізу және жаңарту.

Осы бағыттағы сұрақтарды екі аптада өткен тренингте талқылап, шетелдік әріптестерімізбен пікір алмастық, өз тәжірибелерімізбен бөлістік, қолданыстағы оқу бағдарламаларының қай тұстарын жетілдіру керектігін түсіндік, ой түйдік.

Жалпы кәсіпкерлік тұрғыдан ойлауды қалыптастыру мен дамыту мәселесі осыған дейін де университетімізде қарастырылған болатын. Айталық, кәсіпкерлік ойлау тек экономикалық білім беру бағдарламалары бойынша оқытын студенттерімізге ғана қатысты деген

пікірден біртіндеп алыстай бастадық. Бүгінде университетте көптеген экономикалық емес білім беру бағдарламаларының білім алушылары «Кәсіпкерлік негіздері және стартап менторы» деген элективтік курсты тандап, оқып келеді. Бұл қуантарлық жағдай.

Бұл жобада, сонымен қатар, кәсіпкерлік ойлау мен дағдыларды қалыптастыруда «жұмсақ дағдыларға» назар аударылды. Себебі, түлектердің жұмысқа орналасуында бүгінде жұмыс берушілер «қатты» дағдылардан гөрі «жұмсақ» дағдыларға аса мән беруде.

Бұл басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға және қарым-қатынас жасауға көмектесетін мінез, жеке қасиеттер және басқа «техникалық емес» қабілеттер. Тыңдау, сөйлесу және өкілдік ету – жұмсақ дағдылардың барлық мысалдары.

Жұмсақ дағдылармен қатар, керісінше, қатаң дағдылар бар, яғни техникалық қабілеттер. Мысалы, Python-да код жазу, Excel бағдарламасында кесте жасау немесе шет тілінде сөйлеу мүмкіндігі. Ал қатаң дағдыларды анықтау және өлшеу оңайырақ. Тренингте осы сұрақтар бойынша да дәрістер өтіп, практикалық қарастырылды.

Екі апталық тренинг соңында ұйымдастырушылар қатысушыларға сертификат табыстап, жұмыстарымызға сәттілік тіледі. Осы командалар қазан айының 10-14 күндері Қазақстанның Павлодар қаласында жобаның келесі жұмыс пакеті бойынша тренингке қатысуға келді.

Австрия елінде болған сапарымызда алған әсерлеріме де тоқталып кетейін. Бұл менің шетелдік тағылымдамадан бірінші рет өтуім емес, бұған дейін Германия елінің Дюссельдорф университетінде де болған едім.

Вена қаласының өзіндік ерекшелігі маған қатты ұнады. Австрия мемлекетінің астанасы, Дунай өзенінің жағасында орналасқан әсем қала. Әлемдегі ірі қалалар ішінде қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық, білім, тұрмыс жағдайы, инфрақұрылымының дамуы, адам үшін қызмет көрсету жағынан 1 орынды алады.

Бұл қалада бірнеше оқу орындары бар, соның ішінде тренинг өткен Вена қолданбалы ғылымдар университеті білім алушылар үшін барлық жағдай жасалған, оқу аудиториялары толықтай техникалық жарақтандырылған, студенттер үшін арнайы демалыс бұрыштары, бөлмелері бар, бөлмелерде қағаз шығарып алу, ксерокстан өткізу техникалары қол жетімді және тегін, санитарлық жағдай өте жоғары деңгейде, бір жерде оғаш жатқан ештеңе байқалмайды, оқимын деген адамға барлық жағдай бар.

Австрияда адамдар үшін барлық инфрақұрылым қарастырылған, мысалы, метрода әрбір 4 минут сайын поезд келіп-кетіп жатады, жердің астымен де, үстімен де жүреді, таблада көрсетілген уақытта дәл жетіп келеді, кез-келген жерде бағыттарды көрсететін көрсеткіштер өте түсінікті. Маған ең бірінші ұнағаны – осы метро, дйттеген жеріңе көзді ашып-жұмғанша жетіп барасың, ешқандай кептеліс жоқ, көлік күтіп, уақытың зая кетпейді, ал күн, апта, ай не жылыға арналған билетіңіз қала ішінде жүретін көліктің бәріне жүреді, әрине, таксиден басқа. Көлікте екі аптада жүрген уақытта бірде бір контролер билет тексермеді, яғни адамдардың санасы жоғары, тәртіп те бар.

Ал дәл уақытында жүру бұл неміс халқының қанына сіңген әдет екені белгілі. Қайтарда аэропортқа жету

үшін түнгі 2.30 таксиге тапсырыс берген болатынбыз, бір минут артық та, кем де емес, дәл уақытында келгенде шынымен тәтті болдық, сондай-ақ, аэропортта да көрсетілетін қызметтер айтылған уақытында ашылып, қызмет көрсетілді.

Экологиялық жағынан таза қаланың саф ауасы мен суының өзі бір ғанибет, ешқандай суға фальтудің қажеті жоқ, қала тұрғындары краннан суды алып іше береді. Тіпті бағаналарда қойылған қорапшаларда үй жануарларын далаға серуендетуге алып шыққанда пайдаланатын пакеттер қойылған. Көшелерде қалдықтарды бөліп салатын қызыл, сары, жасыл жәшіктер орнатылған, айналасы тап таза.

Австрия – экономикасы дамыған елдердің бірі, инфляция деңгейі өте төмен болған ел, алайда биыл 1975 жылдан бері 10 пайызға дейін көтерілген. Дегенмен 2018 жылы мен Германияда болғанда тауарлар бағасы Австриямен қарайлас, сол кездегі 100 евро 2022 жылы да сондай, бірақ біздің қазақстандық теңгемен есептегенде айырмашылық жоғары. Ауыл шаруашылығы өте жақсы дамыған, халқы өз елінің өнімдерін тұтынады, себебі, сапасы 100 пайыз.

Адамдарға барлық жағдай жасалған. Оны мынадан көруге болады: біз сенбі күні түнде бардық. Біз тоқтаған қонақ үйінде қабылдап алушы да, күзетші де жоқ, кілтті арнайы сейфтен өзіміз телефон арқылы берілген кодпен ашып, ішке кірдік, бізге берілген бөлмеде адам жанына керектің бәрі бар. Қонақ үй қызметкерлері де жексенбі болғандықтан демалады екен, алайда айналаның бәрі айнадай таза, тып-тыныш. Жексенбі күні қала халқының барлығы демалады, тіпті азық-түлік дүкендер де жабық, өйткені, сатушылар да демалуы керек. Қалада біз тұрған ауданда небәрі бір азық-түлік дүкен ашық болды, қалалықтар алған заттарын кассада штрих-код арқылы автоматтан өткізіп, карточкамен төлем жасап жатты. Үлкен дүкенде небәрі екі адам ғана кассада тұрды, шамасы біздер сияқты басқа елдерден келгендер үшін болар. Ал сатып алған тауарларды тасу үшін қағаздан жасалған қалта немесе материалдан тігілген шоперлер пайдаланады, ал целлофанды мүлдем пайдаланбайды, табиғатты қорғаудың бір көрінісі.

Демалыста қала халқы мен қонақтары көптеген тарихи ескерткіш жерлерге барып, серуендегенді қалайды. Венаның тура орталығында қалалықтар мен қонақтар жиналып, еркін түрде өз наразылықтарын бейбітшілік митинг арқылы білдіріп тұрады екен.

Ал қандай «әттеген-ай» деген болды десеңіз, оны осы екі апта ішінде көрмедік деуге болады, тек осындай дамыған елде де қайыр сұрап тұрған адамдарды да кездестірдік. Сонымен қатар, көшелерде жас балалардың аз кездесуі, мектепке бара жатқан оқушылардың азығы (тек бір-ақ рет көрдік) тосын көрінді. Керісінше, кафе-лерде тамақтанып отырған өте егде жастағы қарттардың көптігі көзге түседі. Бірақ олардың спортпен айналысып, өздерін жақсы күтетіндігі байқалып тұрды. Осының бәрі Европа елдерінің қартаюы жыл өткен сайын күшейіп бара жатқандығының салдары болар деп ой түйдік.

Рысты САБИРОВА,
экономика кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Атырау облыстық комиссияның отырысына қорытындылар дайындау, мұрағат көздері мен басқа да материалдарды жинау, зерттеу бойынша облыстық жұмыс топтарының құрамы

I. Қазақстанның батыс өңірінде болған көтерілістерді басу кезінде (1928–1932жж.) сотсыз немесе тергеусіз атылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын, сондай-ақ соттан тыс және сот органдарының осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін қуғын-сүргінге ұшырағандарын зерттеу, қорытынды жасау және саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы		
1	Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының докторы, жетекші
2	Жанбосинова Альбина Советқызы	тарих ғылымының докторы, Евразия ұлттық университетінің ғылыми зерттеу орталығының бас ғылыми маман (главный научный сотрудник)
3	Алипова Дана Жемғалиқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі м.а, тарих магистрі
II. Кулактар, байлар, жартылай феодалдар (орта шаруалар) және шаруалардың аяқталмаған қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы		
4	Танатарова Жамига Тажикқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жетекші
5	Жеңісов Нұрбағыт Бекенұлы	Атырау қ, №9 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі
6	Қаналиева Материя Исламғалиқызы	Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатының бөлім басшысы
III. Большевиктік-сталиндік режимнің шаруаларға қарсы күшейтілген ұжымдастыру, сатып алу және басқа да саяси науқандарының құрбандарын ақтау бойынша зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы		
7	Жұмбабаева Жұмазия Кенжебайқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші
8	Молдашева Самал Қазиханқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі
IV. 1916–1930 жж. мемлекеттің жазалаушылық әрекеттері мен биліктің саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық саяси науқандар мен ашаршылық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау үшін зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы		
9	Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарих, археология және этнология Ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жетекші
10	Абдулов Айсад Дулатұлы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарих, археология және этнология Ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, тарих магистрі
V. Саяси қуғын-сүргін құрбандары-дәстүрлі діни өкілдерін ақтау үшін зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмыс тобы		
11	Қуаныш Серік Орынғалиұлы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші
12	Бекежан Өмірбек Қадырханұлы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
13	Қайрғалиева Гүлфайруз	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ректор аппаратының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты
14	Айдосынова Гаухар Жәнібекқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі
VI. Аяқталмаған қазақстандықтар –Гурьев облысында орналасқан НКВД ГУЛАГының лагерінде болған саяси қуғын-сүргін құрбандары, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы		
15	Ахметова Ұлжан Төлегенқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының докторы, жетекші
16	Сармурзина Нағима	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы, тарих ғылымдарының кандидаты
VII. Қазақстанның Тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке күрескен адамдардың, сондай-ақ осы идеялар үшін адамдардың саяси баяндамаларына қатысушылардың (адамдар тобының), қоғамдық және саяси ұйымдардың, сондай-ақ қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа салалардағы идеялары үшін мемлекеттік қудалауға және қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды толық құқықтық және саяси ақтауға арналған пікірдегі жұмыс тобы мен саяси және азаматтық құқықтарынан айырылған адамдарды ақтауға арналған жұмыс тобы		
17	Қыдыралина Жанна Үркінбайқызы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы Институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, жетекші
18	Нағимов Шахман	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
VIII. 1939–1945жж. фашистік германия, Финляндия және басқа Еуропа елдерінде қамауға алынған қазақстандық әскери тұтқындары, сондай-ақ «Түркістан легионында» уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындарды, Қазақстанға күштеп көшірілген халықтар мен арнайы қоныстанушылардың аяқталмаған қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмыс тобы		
19	Ахмет Аққали	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Мәңгілік Ел» Ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жетекші
20	Тестемирова Райса Кенжеғұлқызы	Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатының бөлім басшысы

АҚТАҢДАҚТАР ІЗІ ҚАЛҒАН АЛТЫ ОРЫН



Қазіргі күні Атырау аймағындағы ату жазасына кесілген азаматтар жерленген алты орын:

«Қаратөбе» қорымы,
«Молдалар қорымы» (Х.Нәубетов көшесі),
«Сутягин бағы»,
«Береке» (Мирный) ықшамауданы,
«Холодильник» ауылы,
«Армада» мейрамханасының орны

Атырау облысы территориясында ату жазасына кесілген азаматтар жерленген қауымдар туралы қазіргі күні мынадай мәліметтер белгілі:

Біріншісі: Бұндай қорымдардың ең үлкені – Атырау аэропортынан батысқа қарай 5–6 км жерде орналасқан «Қаратөбе» қорымы. Аталған қорымды 2022 жылдың мамыр айында өңірлік комиссияның мүшелері С. Қуаныш, Д.Алипова, кафедраның аға оқытушысы Г.Шұғайыпова және мен болып сырттай зерттеді. Бұл қорымға жерленген адамдарды үш жерге траншея қазып, жаппай көмгені байқалады. Бір-біріне қатарлас үш некрополь – қауым дөңес болып ұзыннан шұбақ орналасқан. Кемінде 500–600 адам жерленген болуы мүмкін. Қазіргі кезде осы қорымда жерленген он адамның аты – жөні белгілі болып отыр.

Екіншісі: Жақында Атырау қаласының Бұқар бетіндегі Х.Нәубетов көшесінің аяқталатын жерінде 30–40 жылдары МҚК-нің қызметкерлерінің қолынан қаза тапқан молдалардың 1938 жылы 25 қазанда атылған орны табылды. Ол жерді 2022 жылдың 9 маусым күні Атырау қаласының тұрғыны, мәдениет саласының бұрынғы қызметкері, белгілі өлкетанушы Сәтқали Әуелбайұлы және 1938 жылы 25 қазанда сол жерде атылған Дүйсеменов Оңдағанның немересі Оңдаған Сақимен бірге барып көрдік. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының денелері жерленген «Қаратөбе» қорымына қарағанда бұл қауым шағында, бірақ, жерлеу әдісіндегі ұқсастықты байқадық. Шамасы, бұл қауымда да бұрын жерленген адамдар болған. Құрбандар жерленген екі-үш некрополь орта жерінде дөңес болып жатыр.



Сол қайғылы оқиғаны көрген жергілікті тұрғынның айтуынша, сол күні 41 молда атылған. Бұрын бізге белгілі құрбандарға тоқталатын болсақ: Ықыласов Нақан – молда, Қаңбақты елді мекені, 1938 жылы Гурьев облыстық Үштігінің 1938 жылғы 23 қарашадағы N22 шешімімен 25 қарашада атылды. Бұл дерек ҚР Атырау облыстық Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, N20 іс, 19 папкада тіркелген.

Ол кісіден бөлек 1938 жылдың 25 қазан күні Құлттай мектебінің мұғалімі, бұрын молда болған Тыншимов Рақымберді, сол 17 ауылда бұрын молда болған, кейін шаруашылықта есепші болып істеген Дүйсеменов Оңдаған да атылған. Біздің ойымызша, осы жерде 1938 жылы 25 қазанда атылған Новобогат ауылының Жалпақшағыл деген жерінде молдалық еткен Жақуов Атауолла мен Бөдене елді мекенінің молдасы Есжанов Тасжан да жерленген болуы мүмкін. Өйткені, ол кісілердің құжаттарында 1938 жылдың 25 қазанында атылды деп көрсетілген. Енді осы адамдардың өмір жолын оқушы назарына ұсынамыз:

Тыншимов Рақымберді 1887 жылы Гурьев облысы Бақсай ауданының N17 ауылында келдей шаруа отбасында дүниеге келген. Өз бетімен оқып бастауып мектеп деңгейінде білім алғаннан кейін өз ауылында сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болып еңбек еткен. 1938 жылдың 25 қазанында ішкі істер халық комиссариаты Гурьев облысы бойынша басқармасының Ерекше Үштігінің Шешімімен РСФСР-дың Қылмыстық Кодексінің 58–2 бабымен айыпталып Ең жоғарғы жазаға (ату) кесілді.

Айыптау қорытындысына сәйкес Тыншимовқа 1918 жылы жапон барлау қызметінің тапсырмасымен Гурьев облысы территориясында қуншығыс милитаристеріне қажетті шпиондық іс-әрекет жасады, колхозшылар арасында үкіметке қарсы әртүрлі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, совет үкіметіне дұшпандық ниетте болғандар арасынан мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатында контрреволюциялық топтарды дайындады, капиталистік мемлекеттер Совет Одағына шабуыл жасаған жағдайда шетелдіктер тарапынан қорғаныс объектілерін құрту жөнінде тапсырмалар алды деген аса ауыр айыптар тағылған.

Үшіншісі: Құспан молда мешітінің имамы Құмаров Емнаттың айтуынша қазір «Армада» деп аталатын ресторанның орнында 1930–1938 жылдары атылған азаматтардың үлкен қорымы болған, қазір ол жерге «Жерұйық» тұрғын үйлер массиві орналасқан. 1930 жылдардың аяғында еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеген Жәнібек Бердиевтің айтуынша, ол адамдарды сол кезде Пугачев көшесінде орналасқан ішкі істер басқармасының подвалында кешкі сағат 10–нан, таңғы сағат 3–ке дейін атып, өліктерді ат арбаларға тиіп Гурьев қаласының жан жағында «Қаратөбеде», қазіргі Нәубетов көшесінде, Маслопромда, Сутягин бағында, Мирный поселкесінде орналасқан қорымдарда алдын ала дайындап қойған қорымдарға апарып көміп тастаған.

Төртіншісі: Маслопром шағын ауданында орналасқан қорым.
Бесіншісі: Мирный поселкесінде орналасқан.
Алтыншысы: Холодильник шағын ауданында орналасқан. Соңғы мәліметтер белгілі өлкетанушы, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің жетекшісі А.А.Кораблев мырзаның айтуымен жазылып алынды.

Шахман НАҒИМОВ,
саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері



Ұмытпасқа өткен өмір елестерін,
Аттағанда келесі өмір белестерін,
Бауырластар мынау түскен бірге болып,
Қарағанда жаңартуға өз естерін.
Махамбет. 1954 ж. 29 октябрь,
Гурьев қаласы.



... О, шіркін, туған жерге не жетеді!
Ол бір сыр сол жағымда жатсын өсіп!
Бола ма, үйім-ай деп зар шегуге,
Ол күнде ердің халі болар нешік?!
Мақсат. Калуга қаласы. 28.VII.54

Оңдаған Дүйсекеновтің ұлдары
Мақсат пен Махамбеттің отбасылық
фотоға жазғандарынан:
Ұмытпасқа өткен өмір елестерін,
Аттағанда келесі өмір белестерін,
Бауырластар мынау түскен бірге болып,
Қарағанда жаңартуға өз естерін.
Махамбет,
1954 ж. 29 октябрь, Гурьев қаласы

... О, шіркін, туған жерге не жетеді!
Ол бір сыр сол жағымда жатсын өсіп!
Бола ма үйім-ай деп зар шегуге,
Ол күнде ердің халі болар нешік?!
Мақсат, Калуга, қаласы, 28.VII.54

ӨЛЕҢГЕ СЫЙМАҒАН ОЙЛАР

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Отан» орденінің иегері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Ақұштан Бақтыгерееваның қағаз бетіне түсіріп отырған осындай үзік ойлары «Ана тілі» газетінде (№29, 29 қыркүйек – 5 қазан 2022) осындай атаумен жарияланған екен. Біз ақынның рұқсатымен ондағы тарих ақтаңдақтарына қатысты тұстарын алып отырмыз.

Анау төмпешік бір кездегі – жертөле. Онда жесір кемпір, жетім ұл өмір кешті. Кейіннен ұлы ержетіп, үйленіп, келіннің төркінін пана тұтып көшіп кетті. Бұл ауыл оларды «халық жауының семьясы» деп айтады. Бірақ айтуларына мұны шаруа жігіттің халыққа жау болып, не істегенін ешкім түсіндіре алмайды. Не үшін айдалды, қайда өлді, хабарсыз, өйткені ол қара танымайды, хат жаза алмайды. Ауылдың қалған аңқаулары 37-де айдалып кеткендер жайлы нақты дерек білмегендіктен, тек ұстап бергендерді түп тұяғымен қарғайды. Әйтеуір әділетсіздікті жүректері сезеді, жасқан тастаған жуас халықтың қолынан басқа не келуші еді...

Ескі көлдің орны. Бір кезде «Табынбай» көлі, қазір атауы ұмытылған. Айналасындағы көне төмпешіктер жертөле үйлердің сілемі. Шамасы 1921 жыл, немесе 1931 жылдары аштық болған. Сол төмпешіктердің астында бір шаңырақ, бір әулет түгел жатыр. Аштан өліп қалған отбасын көмуге ешкімнің халі көтерменгі. Сасыған өліктердің үстіне өз үйлерін құлата салған. Өмір сүруге арналған мекен өздерінің моласына айналарын кім білген. Мұның бәрін қарт әжем Қатира айтып отырушы еді. Иә, бұл қазақтың басынан не өтпеген.

Бұл әңгімені өз апам былай бастаған:
– Біздің қазақ бір ауылда отырып, бірінің дәмін бірі татып отырып, бірін бірі күндеуге шебер ғой, бірін бірі ұстап айдаптан да өздері. 1937 жыл. Бір топ әйел бастаңғыға жиналды. Әркім қолда барын оңаша үйге апарып ойнап-күліп шәй ішсек, біздің «театр» сол ғана. Біз әңгіме арасында Жамал жеңешем «Заман-ай» деген сөзді жиірек айтып қалғаны бар.

Келесі күні-ақ ауылсоветке шақырыпты. «Өзің комунистсің, Сталиннің ұлы заманынан неге тіл тигіздің?» – деп бас салмай ма? Ойы зерделі Жамал жеңешем: «қарағым-ау, Заманай деген құрдас қызымның аты еді, марқұм ерте өліп қалған, кеше соның мінезін еске алып, әңгіме еткенбіз» деп міз бақпай әзер құтылғаны бар. Ол жылдар алыс ауылда түшкіргенінді тыңдайтын өз көршілерің болатын. Қазаққа жау алыстан келмейді. Талай асылдың обалына қалған өз ағайындары ғой, тәйірі.

«Жез тұмсық, алтын кірпік Жақабым-ай, Сен жүрсің партияның қатарында-ай» деп басталатын ұзақ сюжет өлеңді Жібек кемпір сайрап айтып отырғанда мен оның мәнін түсінетін жасқа толмаған едім. Бірақ бүкіл ауыл осы шығарманың күліп те, күрсініп те тыңдаушы еді. Күлетіні-көк ешкі мен Жапақтың диалогы, күрсінетіні Жамал кемпірдің-қасіреті. Шолақ белсенді жапақ колхозға мал жинау кезінде (коллективизация болса керек) жесір әйел Жібектің жалғыз ешкісін де тартып алған көрінеді. Өлеңде ешкі зары сезімтал әйел жүрегімен үндесіп, әлсіз бен зорлықшылдың арасындағы әділетсіз өмір көрінісін баяндайды екен. Сол кезеңнің адамдары асыра сілтеуден көрген өз қиянаттарын еске алып, көздерін сүртіп тыңдаушы еді. Жалпы әділетсіздікпен күрес адамзаттың мәңгі тақырыбы шығар. Мен онда тұлығы желбіреген сол сәттердің ессіз кішкене ғана кейіпкері болатынын.

Хабиболла апасы екеуі жалғыз сиырдың сүтіне қарап, ол суалғанда қатықсыз қара көже ішіп, есей бастады. Жоқ, ол жетім емес, оның әкесі болған. Оған жетімдік көрсеткен 1937 жыл және өз ағайыны.

Жоқтық жүйкесін тоздырған Жұма бір күні киюге жарамай қалған шарығын балағаттап, теуіп жіберді, көршісі тыңдап кетті. Келесі күні кеште үркіп, жатар орнына кірмей селтектенген 4-5 ешкі-лағын балағаттады, көршісі оны да естіп кетті. Сол сәтте мұның сорына егістікті улап АН-2 самолеті ұшып бара жатпаса...

Келесі күні ауылсовет шақырды. Бір бет қағазға қара танымайтын Жұманың бармаған бастырды. «Сен кеше көсемнің жұлдызы бар самолетін балағаттапсың, куәгер қасыңда тұр», – деді. Күйінген Жұма оны да бір балағаттады. Ақыры «халық жауы» деген жаламен тоғыз жылға айдалды да кете барды. Міне, етегін енді жапқан Хабиболла Жұмаұлы осылай 9 жыл жетімдіктің запыранын ішіп, бұғанасын бекітті. Азып-тозып, денсаулығын бітіріп оралған әке елге келіп, көп кешікпей дүние салды. Саясаттан хабары жоқ, қол қоя да білмейтін момын қазақтың «халық жауы» жасаған да дәмдес көрші, өз ағайыны. Бұл халықтың әлі де обал мен сауапты айыра алмайтыны, әлі де бірін бірі сатып жіберетіні бар ма екен деп қорқасың кейде...

Батыр Мәншүктің өсірген анасы Әминә Мәмбетова бізге әдебиет тарихынан сабақ берді. Мәнсияның бала шағынан қалған аз ғана естеліктерді жыр етіп айтатын. Өзінің 1937 жылы көрген қиянаты жайлы ауыз ашпастан кетті. Қорықты.

Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Әбубікір Кердерінің жыр жолдарын оңашалау отырыста сыбырлап айтатын ұстаздар өкілі қазір дүниеден өтіп кетті. Әділдік жеңетініне олардың ұрпағы куә болды. Біз де бүгін айта алмайтын кей шындық – келер ұрпақтың үлесіне тиетіні аққақат.

«ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР» ДЕГЕН...

Менің туып-өскен жерім – Махамбет ауданына қарасты Алға ауылы. Осы ауылымның, ондағы азаматтардың өмірбаяндарын білу үшін тарихты зерттеп, архив деректерін қарап отырамын. Бір кездегі ашаршылық, қуғын-сүргін ел басына түскен нәубет болды ғой, одан зардап шеккендер барлық жерде, бар аумақта да болған. Біздің де сол жылдары жазықсыз қудаланып, өмірден өткен аталарымыз бар...

Солардың бірі – Оңдаған Дүйсекенов. Архив құжаттарына сәйкес, Ақсайды «мешіт ауылы» деп те атаған. Себебі, Оңдағанның әкесі Дүйсекенмен бірге туған ағасы Бейсенғали қажы елдің айтуынша Абайдың әкесі Құнанбайлардың тұсында Меккеге барып келген. Сөйтіп, келгесін Ақсай ауылының ортасынан халықты ұйымдастырып мешіт салған. Оның төбесі көк болғасын Көкмешіт деп аталады. Кейін ол кісі қайтқасын, ауыл адамдары, оның ішінде Шөкей деп атанған анасы да қолдап, «мешіт иесіз қалмасын» деген ниетпен оған молдалық етуге Оңдағанға қолқа салады. Оңдаған ол кезде

Сокол деп атаған Қараөткел қаласында орыс-қазақ мектебін, Гуревтен мұғалімдік курс бітірген, екі тілде сауатты, 1923–1924 жылдарға дейін мұғалім болған көзі ашық адам. Үлкендердің тілегін жерге тастамайын, әруақтан аттамайын деді ме, 1925–1926 жылдары мешітке молдалық етіп, кейін сол үшін көп қудалауға ұшырайды.

Оңдаған Дүйсекенов 1928 жылы 5 қазанда «Жұмыскер тілі» газетінің 50 санына мақала жазып, «кеңес идеологиясына жат қылық жасаптын, енді молдалықты қоямын, бала тәрбиелеймін» деген сипатта мақала жазып, кешірім сұраған. Бірақ, құрығы ұзын партия оның «жаздым-жаңылдым» дегенін елемей, бәрібір қудаланып, 1931–1932 жылдары Қиыр Шығыста кесімді жазасын өтейді. Кейін ақталып, дауыс беру құқығын алып, Құлтай ауылы Алға ауылдық советінде хатшы болып жұмыс жасайды. Сөйтіп жүргенде, 1934 жылы ауылдағы 115 үй аштыққа ұрынып, Оңдаған астық комитетіне протокол жазып, көмектесуін сұрайды. Оған 40 шақты күнге дейін ешқандай хабар берілмегенін, астық комитетіне аяқтай барып, ауылға астық жеткізіп, аштық құрсауындағы адамдарға тара-тып береді. Оның бұлайша көзге түскені, көптің қамы үшін шапқылағаны жақпады ма, баяғы әңгімелер қайтадан өрши түсіп, ақыры ол 1935 жылы Жайық бойындағы қазіргі күні жоқ 14 ауыл деп аталатын жерге, питомник, яғни жеміс жидек шаруашылығына барып бас бухгалтер болады. Оны сол қызметте жүрген жерінде 1938 жылы 7 шілде күні тағы тұтқындайды. Сол күні ауылдағы Рахметулла Тыншимов деген мұғалім ағамызды да ұстап, бәрін алдымен Ақсайдағы НКВД түрмесіне, одан Атырау түрмесіне әкеліп, 1938 жылы 23 қазанда «жапон шпионы» деген үкім шығып, 25 қазан күні атады (Архив

құжаттарында атылған нақты бес адамның аты-жөні бар екен, қалғандарының аты-жөндері анықталуда-авт.).

Ұрпағы Оңдаған ағамыздың қайда жерленгенін ұзақ уақыт біле алмайды. Жұбайы Табыс шешеміз 1961 жылы балаларының көмегімен сол кездегі Жоғарғы кеңес депутаты Қаныш Сәтпаевқа хат жазып, «арада 23 жыл өтті, не өлісін, не тірісін білмейміз» деп хат та жазған. 1989 жылы ол кісінің атылғаны анықталып, ақталды.

Оңдаған Дүйсекеновтің артында екі ұл, бір қызы қалды. Ұлдары Мақсат пен Махамбеттің екеуі де ұстаз, білім, мәдениет саласына еңбегі сіңген азаматтар. Кейін ел ағасы дәрежесіне етіп, халқының мақтанына айналған Махамбет Оңдағаны әкесі ұсталғанда бір жаста екен. Біразға дейін архивті қарағанмен, олардың нақты атылған орнын білмей жүреді. 2000 жылдары жұрттан естіген жорамалмен колхоз базарының артындағы Нәубетов өткелі деген кішкентай көшедегі үлкен апанның қасындағы қорымға барып тұрғанында сол жерден үлкен әже шығады. «Мен ол кезде кішкентай қыз едім, әкем осы жерге траншеяға отыз-қырық шақты молданы әкеп көмді, содан бері кім келеді деп күтіп жүретін едім» дейді әжей. Ол кезде бұл маңайда көп үй де жоқ еді ғой өзі.

Кейін Оңдағанмен түрмеде бірге жатқан, Құлсары жақтыкі болса керек, бір кісі «Ол түрмеде бір әнді үнемі ыңылдап айтып отыратын, атуға апара жатқанда оны бар даусымен аңыратып салғанда бүкіл түрме күңіреніп жылады» депті. Ол сол жылдары айтуға мүлдем тиым салынған Мұхиттың «Қара қаншық» әні болатын. Бұл ән «Алашордашылар гимні» деп есептеліп, оны айтқандар жазаланып отырған. Кейінірек 1979 жылы мен де атақты Ғарифолла Құрманғалиевтің алдында осы әнді айтқанымда «Сен оны «Қара қаншық» деп айтпа, «Аңшының әні» деп айт, өйтпесең, өкімет жөніңе қоймайды, мен де атын өзгертіп айтып жүрмін» деп кеңес берген еді.

Сатқали ӘУЕЛБАЕВ,
өлкетанушы

ҚАРА ҚАНШЫҚ

(1930 жылдары айтуға тыйым салынған ән)
Қоянды шалмай алар қара қаншық,
Сұңқарға жем тілеген болар талшық.
Жігітке нелер кетіп, нелер кетпес,
Сырттым су болып жүрмін, баурым балшық.
Дүние өте шығар Құдай барлап,
Кетпейді өтер күнде, сірә, жарлап.
Кешегі қара қаншық бар шағында,
Уайымсыз жүруші едім аңымды аулап.
Ой-ай, уоу, ей
Аңымды аулап.



«ТҮНГІ КІТАПХАНА» ЖОБАСЫ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Жас ұрпақтың талабын қанағаттандырып, ой-өрісінің, жеке дамуында талап талғамын қалыптастыратын бірден бір орын - кітапхана. Осы орайда рухани мұраның жинтығына айналған біздің білім ордамыздағы Ғылыми кітапхананың алар орны ерекше.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда жас буын кітапханаға бармайды деген пікірлер жиі айтылып жүр. Бұл туралы ғылыми кітапхана директоры Мұратбек Қонысқалиұлы «Қазіргі жас буынын кітапқа деген қызығушылығы жоқ, кітап оқымайды деп айта беру жөн болмас. Біз олардың арасында сауалнама жүргізіп, қандай кітап қызықтыратынын да білдік. Қарағанды қаласынан басылып шығатын «Қасым» баспа үйінің кітаптары оқырман арасында сұранысқа ие. Өйткені, олар ескі көркем әдебиетті жаңаша үлгіде, әдемі стильде, қолға ұстауда ыңғайлы дизайнды қайта шығаруда. Сол үшін де баспаның кітаптарын сұраныс ретінде жіберіп, кітапханамызды жаңа үлгідегі кітаптармен толықтырдық. Айта кетсек, «Көксерек», «Москва үшін шайқас», «Менің атым Қожа», «Арпалыс», «Үшқан ұя», «Ақиқат пен аңыз», «Ай мен Айша»,

басқа да кітаптар келді» дейді.

Ғылыми кітапханамыз оқырман үшін білімнің барлық саласы бойынша қазақстандық, шетелдік басылымдарға, атап айтқанда, газеттер мен журналдарға, көркем әдебиеттерге, өнер, білім, ғылым саласына, профессор оқытушылар құрамының шығарған кітаптарына қолжетімділік берді. Қазіргі таңда кітапхана қорында 727525 дана кітап бар. Бұл басылымдарды білім алушылар кешке мезгілде оқуға да мүмкіндік алды. Оған бір дәлел, түнгі кітапхана жобасы болды. Бұл жоба туралы Мұратбек Қонысқалиұлы былай дейді: «Мамыр айынан бастап кітапханамызда «Түнгі кітапхана» жобасын ұйымдастырдық. Кітапханамыз таңертеңгі 9:00 мен 18:00-ге дейін бірінші ауысым, 17:00-ден 24-00-ге дейін екінші ауысым бойынша жұмыс жасады. Бұл жоба бойынша бір ай көлемінде жұмыстар атқардық, мақсатымыз - студенттер сессия, емтихан уақытында сабақтарынан шығып еркін отырып, дайындалып, қалаған кітаптарын оқуға мүмкіндік жасау болды. Осы оқу жылынан бастап, келесі оқу жылы аяқталғанға дейін бұл жобаны қайтадан іске асырамыз».

Жалпы, кітапханамызда осы жылы ұйымдастырылған шаралар өте көп. Ең ауқымды шаралардың бірі ретінде түнгі кітапхана жобасы аясында ұйымдастырылған «Түнгі кітапхана тағылымдары», Ш.Мұртазаның 90 жылдығына арналған «Мылтықсыз майданың батыры - Шерхан Мұртаза», М.Әуезовтың 125 жылдығына арналған «Ұлттық болмыстың ұлы жыршысы - Мұхтар Әуезов», кітапханашылар күніне орай ұйымдастырылған «Мәңгілік мәдениет ошағы - кітапхана» атты шараларды атап өтуге болады. Сонымен қатар, біздің кітапханамызға қала мектептерінен ұстаздар мен оқушылар келіп, ашық сабақтар мен шаралар ұйымдастырады.

Кітапханамызда мүмкіндігі шектеулі жастарға да жағдай жасалған. Зағип және нашар көретін студенттердің білім алу процесіне қолжетімділігін арттыру мақсатында кітапханамызға оқу машинасы мен электрондық бейнеуәлғайтқыш сатып алынды. Бұл жабдық кітаптар мен құжаттарды немесе мақаланы бірнеше секунд ішінде сканерлеп, жоғары сапалы дауыспен оқу мүмкіндігіне ие.

Тарих

НКВД ГУЛАГ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЕТЛ (1932-1950 ЖЫЛДАР)

Гурьев облысында орналасқан НКВД ГУЛАГ лагерінің атауы - Қазақстандағы 26 лагерьдің бірі «НКВД ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва-Астрахань ЕТЛ (1932-1950 жылдар)» деп аталады. Гурьев уезінде орналасқан белгілісі: Прорва аралындағы бөлім, Бұрыншықтағы лагерлік пункт және Гурьев лагерлік пункті.

Атырау облыстық мемлекеттік архивінде N15, 57, 180 тағы өзге қорларда лагер тарихынан материалдар кездеседі. Мысалы, 1938 жылдың тамыз Прорва лагері орналасқан аумақта Прорва ауыл советінің қарауындағы «Бірлік» колхозы мүшелерінің Прорвадан Жылыойға көшу туралы арыздары сақталған (АОМА), қ.57, т.1, іс-255.).

Құжаттан байқағанымыздай, Прорва лагерінің территориясына жақын орналасқан елді мекендерді тегістей көшірген.

Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивінде негізінен N27/6/ қорларымен жұмыстар жүргізілді. Қорда лагерде ұсталған тұтқындар картотекалары, жеке формулярлар және басқалары бар.

Атырау арнайы архивінде «Прорва» лагеріне қатысты іс-құжаттар тек 1937-1938 жылдар аралығын қамтыған. Атырау өлкесінде өзге республикадан келген ұлт өкілдері еңбекпен түзету лагерінде болған.

Атасақ, Прорва лагерінде айдауда болған дәрігер-хирург Зелингер Эдуард Иванович, Ресей әскери қолбасшысы, генерал-лейтенант Стогов Николайдың ұлы Стогов Николай Николаевичтің, мәдениет саласының қызметкері Пак Анисия Данилованың тағы өзге де саяси тұтқындардың жеке істері архив қорында сақталған.

Зелингер Эдуард Иванович 1894 жылдың 24 қарашасында Одесса облысы, Карл Либкнехт ауданы, Поречье селосында дүниеге келген. 8 жасынан 13 жасқа дейін Одесса облысында колонияда білім алса, 1913-1918 жылдар аралығында Одесса облысы, Вознесенск қаласында гимназияда оқыған. Одесса қаласындағы Новороссийск университетінің құқықтану факультетінде 1918-1920 жылдары оқыған студент, 1920 жылдың шілдесі мен 1921 жылдың тамызында Николаев қаласында Қызыл әскерінің штабының N4 гидродивизионда әскери борышын атқарған. 1921-1926 жылдары Одесса мемлекеттік медицина институтында оқып, хирург мамандығын игерген. 1926-1931 жж. аралығында Одесса облысы, Гросе-Либенталь селосындағы аудандық ауруханада хирург, 1932-1934 жж. Одесса қаласындағы N1-інші Кеңес ауруханасының хирургы және N2-інші жалпы диспансердің бас дәрігері қызметтерін атқарған. Өз өмірбаянында 1933 жылдың 27 желтоқсанында Ішкі істер органымен ұсталып, бес ай түрмеде болып, солтүстікке бес жылға айдалған (АОПД АМА қ27,т.1., іс 0106, 1п.).

Э.И.Зелингер аталған уақыт ішінде өзін білікті дәрігер ретінде өзін көрсетіп, Гурьев қаласындағы НКВД мекемесінің санитарлық бөлімшесінің және орталық

ауруханасының бас дәрігері қызметіне ауысады. 1937 жылы контрреволюциялық қызметі үшін ату жазасына кесілген.

Келесі тұтқын Стогов Николай Николаевич 1905 жылы Варшава қаласында дүниеге келген, 1934 жылы 58-10,11 бап бойынша бес жылға сотталып, Прорваға жазасын өтеу үшін жіберілген. Лагерде құрылыс секторы бойынша басшы болып қызмет атқара жүріп, контрреволюциялық үгіттер жүргізген деген кінә тағылған. Іс құжатында Н.Н. Стоговтың мына сөздері-ақ болашақ тағдырын шешкен: «Я являюсь врагом Соввласти и в дальнейшем буду мстить ей за мать и отца»; «Верховный совет избирается не для того, чтобы освободить лагерников, а ему нужна бесплатная сила»; «Что Соввласть не способна сделать что либо доброго, хорошего, способны это сделать фран-



цузы» (АОПД АМА қ27,т.1., іс 01069, 29п.).

Николай Николаевич Стоговтың әкесі Николай Стогов - көрнекті әскери қайраткер, I Дүниежүзілік соғыста Оңтүстік-Батыс майданының әскери штабының командирі, бас қолбасшы лауазымдарын атқарған. Әскери шені - генерал-лейтенант. Николай Стоговтың Татьяна (27.04.1902), Надежда (03.09.1903), Николай (23.05.1905), Екатерина (21.10.1906), Ольга (14.11.1908) есімді ұл-қыздары болған. Генерал-лейтенанттың жалғыз ұлы Николай Прорва лагерінде, контрреволюциялық әрекеті үшін 1937 жылы 8 қарашасында ату жазасына кесілген (АОПД АМА қ27,т.1., іс 01069, 31п.).

Маңғыстау облысы полиция департаменті жанындағы архивте N17 «Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың архивтік қылмыстық істері», N19 «Специальный архив ДККНБ РК по Мангистауской области» 417 адамның жазықсыз репрессияға ұшырағаны, 1930 жылы 102 маңғыстаулық Алматы облысында атылғаны, 1920-1560 жылдар аралығында жергілікті халықтың ерікті түрде үдере өзге елге көшуі, қоныс аударуы, кейін кеңес өкіметі тұсында мәжбүрлеп атақонысынан

өзге аудандарға көшіруі, соның ішінде арнайы қоныс аудартқан (спецпоселенцы). Адайларды спец поселенцы ретінде Гурьев облысына Жайық бойына, Жем, Ойыл бойына қоныстандырғаны белгілі болды. Маңғыстау архивінде жазықсыз ЕТЛ-не айдалғандар қатарында Гурьев облысы, Жылой ауданы қазақтары да кездеседі.

1940 жылы 17 сәуірде N 156 «О переименовании Прорвинского лагеря НКВД в Астраханский лагерь НКВД» бұйрығымен Прорва аралындағы лагерьдің өндірістік қызметінің тоқтатылуына және лагерь басқармасының Астраханьға ауысуына байланысты Прорва лагері (Прорвлаг) Астрахань лагері (Астраханлаг) болып өзгертілді.

Астраханлаг 1950 жылдың 9 ақпанында КСРО Ішкі істер басқармасының N00107 бұйрығымен жабылған. 18 жыл ішінде Прорва - Астрахань ЕТЛотырған тұтқындар санына тоқталсақ: алғашқы 8 жыл нақтылауды қажет етеді, ал 1940 жылы 1 шілдеде 5353,1941 жылы 1 қаңтарда 5265,1941 жылы 1 шілдеде 6105,1942жылы 1 қаңтарда 7865,1942 жылы 1 сәуірде 5915, 1943 жылы 1 қаңтарда 6550, 1944 жылы 1 қаңтарда 4695, 1945 жылы 1 қаңтарда 5150, 1946 жылы 1 қаңтарда 4186, 1947 жылы 1 қаңтарда 5289, 1948 жылы 1 қаңтарда 4932, 1949 жылы 1 қаңтарда 4517, 1950 жылы 1 қаңтарда 3920 ұсталған екен (Система исправительно-трудовых лагерей в СССР // old.memo.ru/history/nkvd/gulag/r...).

Одан өзге Прорва лагерлерінде әйелдерге арналған бөлімше (ОЛП) бөлек болған. Ауызекі естеліктер бойынша Мақат ауданы, Доссорда орналасқан. Оларда 300-ден 500-ге дейін адамдар ұсталған. Олар шаруашылық жұмыстарға салынып, жылы киімдер тіккен. Сонымен бірге лагерде бұл жерде балалар үйі де болған.

Қорыта келе, біз жұмыс жасаған архив құжаттары КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындарын күштеп халық шаруашылығын көтеруге пайдаланғандығын дәлелдейді. Гурьевте Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлері бірнеше бөлімдері мен бөлімшелері, шаруашылық орындары және түрмелері болғандығы дәлелденіп отыр. Негізгі шаруашылығы балық шаруашылығымен айналысқан. Кеңестер Одағында балық шаруашылығы объектісі ретінде маңызы бар халық шаруашылығын дамытқан орталық болған.

Қазірде Прорва-Астрахань ЕТЛ-нің тарихи құжаттары Ресей Федерациясы архивтерінде жинақталған.

Тәуелсіз Қазақстан басына осындай зобалаң қайтіп келмесін деп тілеп, келер ұрпағымызға қасіретті жылдардан сабақ алсын, тағылым болсын деген тілек білдіреміз.

Улжан АХМЕТОВА,
т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы профессоры

Мерейімі



ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Жақсылық атаулыны ішкі жан дүниесімен қабылдап, өз бойындағы сезімді, берік қалыптасқан көзқарасты оқушы бойына дарыта білетін, өз бойындағы жасампаздық пен шығармашылық, өз-өзіне сенімділік пен сабырлық, табандылық пен төзімділік сияқты мінез-құлық ерекшеліктерімен, сондай-ақ, өзгелерге қолдау көрсете білетін, жылы жүрегімен жақсылық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын ұстаздың бірі – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, білім және ғылым саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз Тамара Анатольевна Қаражігітова бүгінде мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Тамара Анатольевна ұстаздық жолда 50 жылға жуық еңбек етіп келеді. Ол 1952 жылдың қазан айының 4 жұлдызында Украина мемлекетінің Кривой-Рог қаласында дүниеге келіп, он жасында ата-анасының жұмыс бабына байланысты Қазақстанға келген. Бала күнінен шәкірттерге тәлім-тәрбие беруді, математика ғылымының қыр-сырын үйретуді армандаған және сол арман жетегінде мектеп бітірісімен 1969 жылы Гурьев педагогикалық институтына, қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне математика мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1973 жылы ойдағыдай аяқтайды. Осы жылдан бастап қала мектептерінде Тамара Анатольевнаның ұстаздық еңбек жолы басталады.

Ұстаздық педагогикалық қызметінің негізгі бағыты – оқушының жеке басын дамытуға мүмкіндік беретін заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану болды. Осы жұмыстың барысында, ол 1991 жылдан бастап Мәскеудегі Л.В. Занков орталығымен тығыз жұмыс жасап, геометрия сабағында логикалық ойлауды дамыту бағдарламасын әзірлеуді қолға алып, 1992 жылдың қыркүйек айынан бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің математикалық талдау кафедрасына қосалқы штатта оқытушылық қызмет атқарып, ғылым жолына толық түсті. Осы зерттеулердің негізінде математиканы оқыту әдістемесі бойынша педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Е. Чакликованың ғылыми жетекшілігімен «Негізгі мектепте геометрияны дамыта оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбында 2003 жылы кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты.

Тамара Анатольевна ғалым-практик ретінде Атырау қаласының білім беру саласына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Атап өтетін болсақ, 1991 жылы Г.Б.Сүйінбаевпен бірге ағылшын тілі мен математиканы тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектепті (СТГА) ашып, ол мектепте 1991–1997 жылдар аралығында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымын атқарды.

1997 жылы Қылымғали Кайненовпен бірге Н.Тілендиев атындағы Атырау облысының дарынды балаларына арналған Кіші Өнер академиясының ашылуына қол жеткізіп, 2002 жылға дейін осы мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Сол жылдары Т.А.Қаражігітова математика пәнінің мұғалімі ретінде облыстық және республикалық педагогикалық оқуларға қатынасып, жүлделі бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар, ғылыми әдістемелік бағытта геометрия бойынша тест тапсырмаларына жаңа тәсілдер әзірледі.

2002 жылдан 2006 жылға дейін Атырау облыстық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтына ауысып, Тамара Анатольевна директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары болып, облыс мұғалімдерімен белсенді жұмыс жасап, жергілікті жерлерде тұлға бағытталған, дамытушы технологияларды үйретіп, «Негізгі мек-

тепте геометрияны дамыта оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысымен айналысты.

Осы жылдары ғалым-практик шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің I және II слеттерінің делегаты болып, Л.В. Занковтың идеялары негізінде геометрияны дамыта оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін автор ретінде ұсынып, халықаралық идеялар мен тауарлар жәрмеңкесіне қатысты және Варна қаласында (Болгария) өткен халықаралық семинарда авторлық оқыту технологиясын ұсынды. Ол Қазақстан математика мұғалімдерінің 1 съезінің делегаты, «Алтын кілт» республикалық математика пәнінің мұғалімдерінің кәсіби байқауында қазылар алқасының мүшесі болды. Сонымен қатар, Мәскеудегі «Гармония» орталығындағы математика мұғалімдерінің байқауы, облыстық педагогикалық оқулар, оқушылардың ғылыми жобалар байқауы және т.б. конкурстық іс-шараларда әділқазылар мүшесі болып өзінің тәжірибесін шыңдады.

Т.А.Қаражігітова 2006 жылдан қазіргі уақытқа дейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры лауазымында жұмыс жасайды. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 2006 жылы доцент атағын алды.

2010 жылы «Орта мектепте дамыта оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері: құзыреттілік тәсіл» тақырыбындағы диссертацияны сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды.

2011 жылдан осы уақытқа дейін «Дамыта оқытудың теориясы мен әдіснамасы: құзыреттілік тәсіл» проблемасы бойынша авторлық Академиялық мектеп жұмыс істейді. Зерттеулердің нәтижесі бойынша 120-дан астам ғылыми мақалалар мен 8 әдістемелік құрал және қазіргі педагогикалық технологиялар бойынша монография жарық көрді.

Қазіргі таңда Тамара Анатольевна Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы НЗМ-мен жұмыс жасап, НЗМ түлегі моделін анықтау бойынша бірлескен зерттеулер жүргізіп келеді. Зерттеу нәтижесі бойынша «Жүйелік-қызметтік тәсіл: іске асыру теориясы мен практикасы» әдістемелік құралын жарыққа шығарды.

Тамара Анатольевнаның жемісті еңбегі лайықты бағаланып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі»(1999), «Қазақстан ғылымына қосқан үлесі үшін»(2010), «Ы.Алтынсарин»(2015) төсбелгілерімен, сонымен қатар, бірнеше мақтау грамоталары және алғыс хаттармен марапатталды.

Тамара Анатольевна 1973 жылы облысымызға, тіпті республикаға белгілі ұстаз Жапақ Қаражігітов ағамыздың отбасына келін болып түсті. Атырау қаласындағы №16 мектеп гимназиясына 1999 жылы Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімімен Жапақ Қаражігітов ағамыздың аты берілгендігі бәрімізге мәлім. Ақын Қасым Аманжоловтың «Сен қандай бақытты едің келер ұрпақ, Қараймын жүздеріңе мен таңырқап...» деген өлең жолдарындай, Тамара Анатольевнаның педагогикалық жолда үлгі тұтарлықтай қайын атасы болғаны бір бақыт. Шаңырағында күйеуі Жеңіс Жапақұлы ағамызбен екі бала тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Жеңіс ағамыз геофизик мамандығы бойынша еңбек еткен, қазір зейнеткер. Ұлы Әділ заңгер мамандығын иеленсе, қызы Виктория «Теңізшейроил» ЖШС-де менеджер қызметін атқарып, ата-анасына немере-жиендер сүйгізіп отыр.

Бекет КЕНЖЕҒҰЛОВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор

ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ

Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы басты қадам - 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларацияның қабылдануы. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланып, егеменді Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы орайда «Республика күні - елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек» екендігін айтқан болатын.

Ұлттық мәртебе мерекесін алған 25-қазан Республика күні қарсаңында 19, 20 қазан күндері қазақ халқының XVIII ғасырдың бірінші жартысын қамтитын жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен, сол кездегі қазақ жасақтары бірігіп, басқыншыларға той-тарыс беріп, майданда шешуші жеңістерге жеткендігін бейнелейтін «Жаужүрек мың бала» атты көркем драмалық фильмі әскери кафедраның 1-2 курсында тәлім алып жатқан болашақ офицерлердің назарларына ұсынылды.



Аталмыш фильмді көрсетудің мақсаты – қазіргі бейбіт те азат күнге жеткізген сол уақыттағы жауға қарсы күресте ересек сарбаздармен бірге кең-байтақ жері мен елін қорғауға бел буған өжет те жас жауынгерлердің табанды ерлігін насихаттау.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында – қазақ тарихының бетбұрыс кезеңінде, жоңғарлармен қанды соғыста қазақ халқының бірлігі мен батырлығы еркіндік алу жолында шешуші күшке айналған кез бейнефильмде кеңінен орын алған. Бұл фильмде соғыста ел үшін күрескен жауынгер ер-азаматтар қатарында жаужүрек Сартай батыр да өзіндей өрімдей жас, жеткіншек сарбаздарды ту көтеріп, жорыққа бастап шығады. Мың бала атанған Сартай жасағы қарасы әлдеқайда көп жауға азғана қол қарсы шауып, арасалмақты қазақ әскері пайдасына өзгертеді.



Көрсетілімінен соң студенттер көрініс бойынша ой толғап, алған әсерлермен бөлісіп талқыға салды. Фильм барысында садақ тарту, қылышпен шабу, қолма-қол шайқас тәсілдерімен қатар соғыстағы іс-қимылдар тұлғалары насихатталғандығын анық аңғарғандықтарын айтып пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, қазақ халқының тарихында кейіннен «Аңырақай шайқасы» деп танылған бұл қаттыгез күресте ересектермен қатар, қол бастаған жас жауынгерлердің туған жерін қорғауға шығып, жаумен тең емес шайқасқа түскен қазақ жастарының соғыс барысын өзгерткендігіне тәнті болды.



Бабалар ерлігімен келген егеменді елімізді қорғау өздерінің абыройлы міндеттері екендігін тағы да түсінген жастардың Отансүйгіштікке деген құштарлықтарының арта түскені қуантарлық болды.

Гүлнұр БЕРДАЛИЕВА,
әскери кафедраның аға оқытушысы
запастағы майор

ҮЙРЕНЕТІН ӘРІ ҮЙРЕТЕТІН ОРТА

2019 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің проректоры Ләйлә Ерболатқызының ұсынысымен 2019 университетіміздің N2 Студенттер үйіне студенттік кеңес төрағасы қызметіне тағайындалдым. Бұл қоғамдық жұмыс мектебінен белсенді болып, әр түрлі іс-шаралардың басы қасында болып үйренген дәл қазіргі 1 курс студенті үшін қуанарлық жайт болса, екіншіден жоғары курс студенттерін студенттер үйінде әр үйдің еркетайын тәртіп пен мәдениетке қалай баулимыз деген сұрақ менің «күн тәртібінде» тұрды. Бірақ, мен бүгінгі күні 4 курс студентімін, алдағы санаулы айлардан соң университетімізді тамамдамақпын. Бұл студенттер үйінде студенттік кеңес төрағасы қызметін жүргізгеніме биыл 4 жыл болмақ.

Бұл жұмыстың маған берері көп болды. Өзіме жүктелген үлкен жауапкершілікті сезіндім және алдағы міндеттерімді жайлап жүзеге асырып келемін. Студенттік кеңес ұйымын жетекшілік еткен жылдарымда екі жыл COVID-19 бүкіләлемдік вирусымен арпалыстық. Жатақхана коменданты Айман Борисқызымен ауылдан келген студенттердің онлайн білім алуына жасалған жағдайда студенттерді әр бөлмеге арақшықтық сақтап, кемінде 50 пайыз толтырылған болатын. Олардың ауру жұқтырып алмауы, осындай жағдайда сапалы білім алуы үшін университеттен берілген барлық мүмкіндікті қолданған жылдарды да бастан өткердім.

Алғаш 1 курс студенті болып келгенімде жатақхана коменданты жиналыс өткізген болатын, сол жиналыстан соң комендантқа іс-шаралар ұйымдастырайыншы, қолымнан келеді деп баруға жүрексінген едім. Себебі, студенттерде «комендант апай қатал, ұрысады» деген түсінік қалыптасқан. Бірақ мен келесі күні өзіме қалайда осы кісіге кіріп, «мен осы жатақхананы ұйымдастырып, үйлестіруім керек» деген мақсат қойдым. Сөйтіп, апайға жолығып, келісімін алып шықтым. Студенттік кеңес төрағасы қандай болу керек десе ол ең алдымен әр студенттің әлеуметтік жағдайын білуі қажет, ол студентке қолдау көрсетіп, тірек болуы; өзге аймақтардан келген студенттерді қалаға үйретіп ешкімнен қиындық көрмеуін назарда ұстауы; сонымен қатар, жатақхана қызметін (асхана, кір жуу, душты пайдалану) толықтай еш кедергісіз пайдалана алуын үйлестіруі шарт. Студенттік кеңес төрағасы алыт жүздей студенттің көшбасшысы болғандықтан оның адами қасиеттері, соның ішінде адал, әдепті болуы, мәдениетті сөйлеуі, берген уәдесіне тұруы, адамгершілігі мол және әр студентпен еркін



әңгімелесе алатын қабілеті болуы тиіс. Өзім студенттер үшін барынша үлгі болуға тырыстым және қаталдық принципін ұстанбадым. Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Көкшетау қаласындағы Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университетінде білім алғанымда жатақхана жүйесін салыстырмалы зерттепте келдім. Ол жүйеден алғанымды да тәжірибеге келген уақытымда енгізіп жібердім. Университет әкімшілігінің қолдауының арқасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы студенттер мәселелері жөніндегі кеңес мүшесі атандым. Елордаға форумдарға, семинарларға барып әр университеттің проблемалары мен министрлік тарапынан берілген шешімдерді тыңдап өз өңіріміздегі студенттерді жинап қорытындыларын әр іссапарымнан жеткізіп келемін.

Қазір 20-дан астам белсенді студенттің басын қосып, 2022-2023 оқу жылын бастадық, 1 курс білім алушыларынан тәртіпті талап ету арқылы, өзін-өзі басқаруға үйретіп келеміз. Ұйымның белсенділерінде әртүрлі мүмкіндіктерімізбен қолдап ынталандырып келеміз. Өз арамыздан ай сайын үздіктерді шығарып мадақтап келеміз. Өзіндік мықты принципті ұстанған

тәртібі бар, жауапкершілігі жоғары ұйымды құруда жылма жыл жалықпаймыз. Бұл ең алдымен әркез қолдауын білдіретін комендант Айман Борисқызының, тәрбиеші педагогтар Светлана Олеговна мен Сана Байболатқызының және жанымнан табылатын достарымның арқасы деп білемін. Ал университет ректоратының біздің ұйымға көрсететін қолдауы мүлдем ерекше. Қазір ұйымымыздың өз әлеуметтік желі де парақшалары бар. Барлық атқарылып жатырған жұмыстар көрсетілген. Аталмыш 2019-2022 оқу жылдарында атқарған қызметіміз өзіміздің facebook парақшамда орналасқан.

N2 Студенттер үйі жылма жыл жаңарып келеді. Гимаратта тегін киім жууға арналған машиналар, суға түсу душ орындары, wifi желісі, әр қабатта орналасқан асханалар, кітапхана, коворкинг зал орналасқан. Шаруашылық департаментінің қолдауымен әр жылы жаңа құрал-жабдықтар келіп, пайдалануға беріліп отыр. Мұның бәрі студенттің сапалы білім алуына жасалған жағдай деп білемін.

Қадыржан САПАРОВ,
студенттік кеңес төрағасы

АМЕРИКАҒА БАРУ ЖАЙЛЫ АРМАНЫМ ОРЫНДАЛДЫ



Мен өкінбейтін шешім – «Work and Travel» бағдарламасының мүшесі болу. Осы бағдарламаның арқасында мен АҚШ-қа барып, бейсбол стадионында тату командада жұмыс істедім. Әр ұлттың мәдениетін үйрендім. Он мың шақырымға созылған тасымалдаулар мен әуежай тексерулерін, такси бағасының күйзелісін, басқа да қызықты жайларды көрдім.

Мен Америкаға барғанымда ешқашан өкінген емеспін, бұл бала кездегі арманым еді және ол орындалды. Егер адам өзін басқа жағдайларда дамытып, танығысы келсе, онда достарың



жоқ басқа жерге көшу немесе саяхаттау сіз үшін ең жақсы шешім болады. Егер сіз шетелге шығып жатсаңыз, менен кеңес:

1. Google Maps және Translate бағдарламаларын міндетті түрде алдын ала жазып алыңыз;
2. Тіл білгеніңіз жақсы, ал егер білмесеңіз, пысықтық танытып, аудармашы көмегімен болсын, адамдармен сөйлесуге тырысыңыз;
3. Барған жеріңіздің заң ережелерімен алдын ала танысып шығыңыз;
4. Өзіңізбен бірге міндетті түрде отандық өнім алып кетіңіз, мысалы, Қазақстан шоколады, себебі, сыйлыққа беруіңізге болады.

Нұрмұхан ТІЛЕГЕН,
физика математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 3 курс студенті



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАНДАР



Университет студенттері оқу жылын спорт саласындағы озық жетістіктермен бастады. Инновациялық білім беру факультеті дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы мамандығының 1 курс студенті Қаршыға Абдрахим Испания елінің Понтеведра қаласында өткен UWW грэпплинг күресінен Әлем Чемпионатына қатысып, Әлем чемпионы атанды.

Сол сияқты, осы факультетінің дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенті Аңсаған Қазбек және 2 курс студенті Аружан Жан-дарбай самбо күресінен жастар арасында Арменияда өтіп жатқан Әлем чемпионатында қола жүлдегер атанды. Жас жеңімпаздармен сұхбат газетіміздің келесі санында жарық көреді.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #2191 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана